

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 11 (922) 10 наурыз 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ПРЕЗИДЕНТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАҒА ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шараға қатысып, салтанатты жиында сөз сөйледі. Президент ұлтымыздың дүниетанымында әйелдің орны ерекше екенін атап өтіп, сұлулық пен нәзіктік, мейірім мен шапағат – бәрі де әйелдерден бастау алатынын жеткізді. – Шын мәнінде, әрбір адам үшін анадан ұлы, анадан қымбат ешкім жоқ. Ең қастерлі құндылықтарымыз «Жер-ана», «Отан-ана» ұғымдарымен тығыз байланысты. «Ата ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді» дейді. Бұл сөздің айрықша мән-маңызы бар. Ұлт болашағы ұрпақ тәрбиесінен басталады. Әр баланың жетістігі – ана махаббатының жемісі. Ұлы Абай айтқан «Толық адамға» тән асыл қасиеттер ұрпақтың бойына ана арқылы дариды. Қазір еліміз дамудың маңызды кезеңіне қадам басты. «Әділетті Қазақстанды» құру үшін ауқымды реформаларды қолға алдық. Ең бастысы, ел ішінде отаншылдық, мемлекетшілдік рух мықты болуы керек. Біз көк байрағымызды биік ұстайтын, білімді, ұлтжанды ұрпақ өсіруіміз керек, – деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастарға салынған қаражат – ең ұтымды инвестиция» екенін атап өтіп, қоғамдағы әйелдердің рөліне ерекше тоқталды. – Қазір қыздарымыз әлемнің ең үздік университеттерінде білім алып жатыр. Жаңандық компанияларда жұмыс істейді. Сан түрлі кәсіпті меңгерген әйелдер қоғамның түрлі саласында табысты еңбек етіп жүр. Олардың арасында мұғалім, дәрігер, мемлекеттік қызметші, тәрбиеші, тігінші және басқа да мамандық иелері бар. Халықаралық жарыстарда көк туымызды биікке көтерген спортшы аруларымыз да аз емес. Қаншама қыз-келіншектер бизнеспен айналысып, мыңдаған адамға жұмыс ұсынып отыр. Мен баршаңызды мақтан етемін! Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы. Президенттің айтуынша, әйелдер әділ, дана әрі тапқыр басшы бола алатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қазір шағын және орта бизнестегі әйелдердің үлесі 42 пайызға жетті. Бұл – әйелдер кәсіпкерлігіне мемлекет тарапынан көрсетілген жүйелі қолдаудың нәтижесі. Былтыр өз кәсібін ашқысы келетін 6 мыңнан астам көпбалалы анаға арнайы грант берілді. Ауылдағы қыз-келіншектер бизнеспен белсенді айналыс-

тын болды. Мыңдаған әйел бизнес жобасын жүзеге асыруға мемлекеттен субсидия алатын болады. Бұл мақсатқа жалпы сомасы 250 миллиард теңге жұмсалды, – деді Президент. Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасымен Отбасы және гендерлік саясат туралы Жаңа тұжырымдама қабылданғанын, аталған құжат әйелдердің өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндік беруге бағытталғанын атап өтіп, әрбір әйел отбасында бақытты, қызметте табысты, қоғамда белсенді болуға лайықты екенін айтты.

Салтанатты жиын соңында Мемлекет басшысы «Аруана» үздік әйелдер жобасы байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Бұл марапат әртүрлі салада әлеуметтік маңызы бар жобалармен айналысып, азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосып жүрген іскер әйелдерге он номинация бойынша табысталды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН «АРУАНА» ҮЗДІК ӘЙЕЛДЕР ЖОБАСЫ БАЙҚАУЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ:

1. «Агробизнес саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Ақшолова Айгүл Сағымбекқызы;
2. «Үздік IT жоба» номинациясы бойынша – Ақшолова

Фарида Амантайқызы;

3. «Креативті индустрия саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Салихова Сәуле Халелқызы;
4. «Жаңа медиа саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Нұрғалиева Әсем Болатжанқызы;
5. «Әйелдер мен балалар құқығын қорғау саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Бәсенова Несібелі Зариванқызы;
6. «Инклюзивті даму саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Әлімжанова Арайлым Мағашқызы;
7. «Ғылым және инновация саласындағы үздік жоба» номинациясы бойынша – Деркач Марина Владимировна;
8. «Әйелдер мен балалардың белсенді құқық қорғаушысы» номинациясы бойынша – Ракишева Ләззат Бекмұханбетқызы;
9. «Кәсіпорынның үздік әйел-басшысы» номинациясы бойынша – Төлеева Фатима Набидуллақызы;
10. «Әйелдер құқықтарын қорғау саласындағы үздік үкіметтік емес ұйым» номинациясы бойынша – Рыль Ольга Владимировна.

Akorda.kz

Ардақты аналар! Қымбатты қыз-келіншектер!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл көктемнің алғашқы мерекесі, ана қолының жылуы сияқты жүрегімізді жылытады. Аналарымыз бен сүйкімді аруларымыздың адал еңбегі мен ерекше маңыздылығын мойындау – осы бір айтулы мерекенің нышаны іспеттес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, еліміз ауқымды өзгерістерге толы жаңа кезеңге аяқ басты. Осы ретте орын алған бұл жаңашылдықтарға нәзік жандыларымыздың да қосатын үлесі зор екені айқын. Бұл күні әртүрлі салада қызмет еткен еңбек ардагерлерін де атап өткеніміз жөн болар. Біз сіздердің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан еңбек үлестеріңізді жоғары бағалаймыз. Жанқиярлықпен жұмыс жасай отырып, сіздер ұрпақтар сабақтастығы мен отбасылық құндылықтарды сақтап келесіздер. Олардың қатарында «Еңбек даңқы», «Қызыл ту» ордендерінің иегері, әйел механизатор, халық депутаты, ауданымыздың құрметті азаматы Қазиза Кеңесбайқызы да бар. Әлбетте, бір қолмен әлемді, бір қолмен бесікті тербетіп жүрген нәзік жандыларымыздың орны ерекше. Бүгінгі таңда Тайынша ауданында жеті жүзден астам көп балалы ана өмір сүреді. Олар «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр ана» белгілерімен марапатталғандар. Ерлермен қатар иық тіреспіп, қызмет етіп жүрген әйелдеріміз де әрдайым мақтауға лайық.

Қымбатты аналар!

Ардақты қыз-келіншектер! Осындай шуақты мерекеді Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, еңбектеріңізге табыс, мол қуаныш, баянды бақыт, шабыт тілеймін! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Берік ӘЛЖАНОВ,
Тайынша ауданының әкімі



АНА – БАҚЫТ, АНА – ЖЫР ЖАҚСЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАНЫНДА ЫЛҒИ АНА ЖҮР!

Ағымдағы жылдың 6 наурызында аудандық мәдениет Үйінде Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Тайынша ауданының әкімі Б. А. Әлжанов бірінші болып сөз алып, ардақты аналар мерекесіне арнаған жүрек жарды ақ тілегін жодады.

Іс-шара барысында ауданымыздың дамуына елеулі үлес қосқан аудан әйелдері салтанатты түрде марапатталды.

Жалғасы 2-бетте.

АНА – БАҚЫТ, АНА – ЖЫР ЖАҚСЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАНЫНДА ЫЛҒИ АНА ЖҮР!

Жалғасы. Басы 1-бетте.

8 наурыз мерекесіне арнайы келген Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының ұжымы көрермендердің назарына мерекелік концерт ұсынды. Сонымен қатар, мереке қарсаңында Тайынша орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапханашылары халықтық қолдаңбалы шығармашылық көрмесін ұйымдастырды. Жоғары марапатқа ие болғандардың қатарында «У Петровны» жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі- Райман Лариса Петровна, Чкалово ауылдық кітапханасының кітапханашысы Баян Байгулбаева және «Астық СТЕМ»ЖШС-нің орталық асханасының басшысы Айман Тлеубаева, аудандық қаржы бөлімінің бас маманы Ғазизова Камила және тағы басқалары болды.

Мерекелік іс-шараға жиналған ардақты аналар мен қыз келіншектер аудан әкімінің ұйымдастыруымен сыйға таратылған гүл шоқтарын алып, әсем ән тыңдап, мың бұралған бишілердің өнерін тамашалап ерекше мерекелік көңіл күйде болды. Мерекелеріңіз құтты болсын, аяулы аналар, сұлу қыздар!

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»



АНАҒА АРНАУ

Ана – деген күн шуағым нұрымсың,
Әрқашанда жырлап өтер жырымсың.
Ана – деген үш әріптен тұратын,
Ана сөзі құдіретті пірімсің.

Бұл өмірде аяулы жан аналар,
Үйге шауақ төгетін де аналар.
Ұмай ана көк түріктің сыйынған,
Бұл өмірдің шапағаты аналар.

Қарап тұрсаң қазіргі кезде аналар,
Қарт үйіне қаптап кетті аналар.
Сол анасы тоғыз айдай көтерген,
Аналарын тастап кетті-ау балалар.

Апарам деп жақсы жерге баласы,
Жәудіретті ақ самалы анасын.
Жәутеңдетіп мөлдіреген көздерін,
Тастап кетті жат үйіне өзгенің.

Кетпе балам аялдашы қасыма,
Мұңайма да, қайғырма да жасыма.
Мәңгі сені жебеп жүрер ақылым,
Жебеушің боп, серік болып қасыңа.

Ана тұрап, сүйді бала басынан,
Сыйпап үнсіз қою қара шашынан.
Қимай үнсіз қоштасады ұлымен,
Іштей ғана кеттіме деп шынымен.

Сөйтіп, ана ұзақ айлар күтеді,
Тор сияқты терезенің артынан.
Келді бүгін Әзірейіл періште,
Ана жанын әкетуге мәңгілік.

Өтті айлар, өтті жылдар саналып,
Тастап кеткен келді анасын баласы.
Түсіндім деп бар қатемді, анашым,
Келді бала алып кетуге анасын.

Ар жағынан келді біреу жай басып,
Неғып жүрсің деп сұрады баладан.
Әкетейін деп келіп ем анамды,
Айтты есімін бала тұрып, Жәмила.

Әр күндерін жылауменен өткізді,
Әлде кімді сұрауменен өткізді.
Білесің бе, әй бауырым анаңды,
Айтшы, қане, сені қалай жеткізді.

Сен келер деп елеңдеді күтумен,
Ешбір затқа соқпады ғой көңілі.
Қарайлау мен өтті соңғы өмірі,
Амал нешік жеңе алмады өлімді.

Соңғы рет қолға алды қаламын,
Жас толтырып, солғын тартқан жанарын,
Айтқан болар, бәлкім ана азабын,
Міне, бала анаңнан қалған қарағым.

Содан бері өтсе де, өмір зымырап,
Мейрімсіз тағдыр сыздатты бала жүрегін.
Жылатты өмір есесін қайтып алғандай,
Сағынды ананың асыл мейірін.

Өкінді әттең, өкінді әттең кеш бірақ,
Түсінді тек ана екенін шам шырақ.
Егіліп тұрып соңғы рет айтты кешір деп,
Анашым мені, анашым мені кешір деп.

Түсінсін бе көмулі қалған топырақ,
Бос қалғандай жазира мынау атырып.
Табылар бәлкім байлық та, бақыт та,
Жетпейді бірақ ананың асыл мейірі.

Ей адамдар қадірлеңдер ананы,
Тербетіп тұрған сан мың мынау ғаламды.
Теңдесі жоқ дара тұлға өмірде,
Қадірлейік, аялайық ананы.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАНА АНАЛАРЫ

Сан ғасырдан бері қалыптасып келе жатқан қазақтың рухани жан дүниесіндегі ерекше қасиеттерінің бірі – ана мен қыз балаға деген шексіз құрмет көрсету тәрбиесі еді. Мұны ананың қоғамдағы ерекше орны мен сипатын бағалай білген ұлтымыздың ешкімге ұқсасмас бірегей қасиеті деп ұғынған жөн. Қазақ тарихы мен мәдениетін зерделесек, сан ғасырлар бойғы қасиет елдігін ерен ерлігімен, асқан парасатымен, даналығымен, шексіз шыдамдылығымен сақтай білген, ұлттық рухты ұрпағының бойына игі ісімен сіңіре білген әйел-аналар да аз емес.

ДАНАЛЫҒЫ ДАРА ДОМАЛАҚ АНА

Домалақ ана қазақ даласына VII ғасырда жеткен Араб халифатының әскери өкілдерінен бұрын бейбіт мақсатпен келген, ислам дінін ұағыздаушыларының бірі болған араб дегдарының қызы. Өзі де елді имандылыққа шақырып, жас кезінен сәуегейлігімен танылған. Осындай игі ісімен, тартымдылығымен Бәйдібек бабамыздың назарына іліккен.

Ел аузында ол кісі жөнінде аңыз-әңгіме көп. Соның былай өрбиді: «Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, шығыс пен батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын шауып, сан мың жылқысын түре айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан жау шапты деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып, қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұрилә:

– Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей өзі ауылға келеді. Жауды құма, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз», – деп өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған, жүген-құрық тимеген шу асау айғырды көрсетіпті.

Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіренде дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні кеш шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек. Осылайша ел анасы жалғыз отағасына емес, барша елге даналығымен дараланған. Домалақ ана ел арасындағы ұшыққан дау, асқынған араздықтың бейбіт шешімін табуға үлес қосқан. Ел билеген азаматтардың өзі кейбір келелі мәселелерді шешерде Домалақ анамен кеңесіп отырған. Домалақ анадан тараған ұрпақтарының бәрі де біліммен, ақылымен көзге түсіп, ел билеген.

ХАЛҚЫНА ҚҰРМЕТТІ ҚАРАКЕМПІР АНА

Шежіре дерегінде Кіші жүз Қыдырсиықтан – Шеркеш, одан – Қосым, Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Қылышкескен туыпты дейді. Осылардың Қойысынан – Дербіс туады. Дербістің бәйбішесі Зылиха деген кісі, өңі қара болған соң «Қаракемпір» аталып кеткен көрінеді. Бүкіл Дербіс әулетіне ұйтқы болып, жөн үйреткен, жол көрсеткен адам. Дербіс батырдың бәйбішесі Зылихадан – Тоқтар, Базар, Қошқар, екінші әйелінен – Түрке,

Шыңбай, үшінші әйелінен – Сатай, Сатылған туған. Дербістің осы үш әйелінен тараған ұрпақтан жөн сұраса «шеркешпіз, оның ішінде қаракемпірміз» дейді. Сөйтіп, Қаракемпір ру атына шыққан.

Қаракемпір туралы айтылатын қария сөз көп. Бірде әлімнің ел қамымен жүрген жақсы-жайсаңы жолаушылап келе жатып Сағыз бойында отырған Дербіс батырдың үйіне тап болыпты. Дербіс батырдың өзі үйде жоқ екен, сыйлы қонақтарға жақын жерден алдыра қоятын малдың реті болмай, Зылиха сол жерде күйеуі Дербіс батырдың жауға мінетін екі атының бірін сойып, қонақтарды құрметтеп аттандырыпты. Әлімнің жақсы-жайсаңы былай шыққан соң «Апырай, Дербістің құты үйіндегі Қаракемпірі екен ғой!» деп таң-тамаша болысыпты. Содан, Дербіс батыр үйіне келеді. Бәйбішесі Зылиха: «Әлімнің алты жақсысы келіп еді, ақтабан атыңды сойып құрмет көрсеттім», – депті. Сонда, Дербіс батыр: «Әлімнің алты жақсысына құрмет көрсеттім дегенше, мені алпыс жауымнан құтқардым десейші!» – деген екен. Қаракемпірге халықтың құрметі сияқты ел ішінде тартылатын «Қаракемпір» атты күй бар.

ӘЛПЕШ АНА ӨСИЕТІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Найман әулетіне дұшпан жолын тауып елге жойқын шабуыл жасапты. Тұтқиылдан тиген жау еркек кіндіктің қырғындай қырып, қарт Найманның төрт ұлын көз алдында өлтіріп кетіпті. Найманның Тоқбан ұлынан Әлпеш (Ақсұлу, Мәзбура деп те айтылады) деген келіншегі жесір қалады. Әлпеш үйсін Дулат бидің қызы болса керек. Шабылған әулет пен қорғансыз қарт Найманның ауыртпалығы енді Әлпештің иығына түседі. Сол үміт жетегімен Әлпеш төркін жұртына барып, туысқан сіңлісі Гүлшені Найманға айттырып алып қайтады. Гүлше бір ұл табады. Бұл кезде Найман шаңырағының бас иесі болып отырған Әлпеш алты алаштың басын қосып, ақ түйенің қарынын жарып, ұлан-асыр той жасайды. Осы тойда үйсін Дулат би:

– Найман – қаны араласқан қадірлес құдам еді, мына нәресте артыңда қалған белгі ғой, атын Белгібай қояйық дейді. «Балаға ат қою жолы біздікі еді, Найман атамның Тәңірден өкіріп жылап жүріп тілеген баласы ғой, атын Өкіреш қоямыз, – деп арғындар да тілек білдіреді.

Қазақтың бүгінгі қалың рулы елінің болашағына осылайша Әлпеш ана сеп болып, әулетіне ұйытқы болыпты. Найманның кіндігінен тараған ұрпақ жиырма шақты ауыл болғанша «жат болып кетпесін» деп, енші бермей, мал-жанын ортақ ұстатыпты дейді. «Байдың малы ортақ болсын, батырдың жаны ортақ болсын, шебердің қолы ортақ болсын, шешеннің тілі ортақ болсын, балуанның күші ортақ болсын, біреуге біреу зорлық жасама-сын!» деген өсиет осы Әлпеш анадан қалыпты деген сөз бар.

Серік АҚМЫРЗА,
тілші qazaly.kz/kogam

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

**ГРИЩЕНКО
ВИКТОРИЯ ВЛАДИМИРОВНА**Тайынша аудандық мәслихатының
депутаттығына үміткер
№11 сайлау округі

Грищенко Виктория Владимировна 1988 жылы 15 шілдеде Көкшетау облысы, Келлер ауданы, Красная Поляна ауылында дүниеге келді. Білімі жоғары – педагогикалық. 2010 жылы

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «биология мұғалімі» мамандығы бойынша бітірді. 2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Краснополяна орта мектебі» КММ-де биология және химия пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА

Құрметті жерлестер! 2023 жылғы 19 наурызда сіз аудандық мәслихатта сіздің мүдделеріңізді білдіретін кандидаттың пайдасына таңдау жасауыңыз керек. Мәслихат депутаттығына кандидат ретінде мен өзімді ұсынамын. Мен қабылдаған сайлауға қатысу туралы шешім қоғамға, халыққа, әрқайсыңызға қызмет ету ниетінен туындайды.

Мен өзіме аудандық мәслихаттың депутаты ретіндегі қызметі шешілетін бірқатар міндет қоямын. Атап айтқанда:

1. Білім беру мекемелерін жаңғырту, материалдық-техникалық базаны, оқулықтарды уақтылы жаңарту, мектептерді жаңа формациядағы кабинеттермен жарақтандыру;
2. Елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешу қажет.
3. Ауыл жастары арасындағы жұмыссыздық мәселесін жаңа жұмыс орындарын құру есебінен шешу маңызды деп санаймын.

Бізге елдің болашағы туралы жалпы идеялар, ортақ жоспарлар бар. Біз ең маңызды нәрседе біріміз: біз өз Отанымыз, туған жеріміз ең жақсысын қалаймыз. Біз барлық жақсы істерді шын ниетпен жасауымыз керек!

Сайлау материалы Республикалық бюджет есебінен төленді.

**СУЩИК
ЕВГЕНИЙ ВАЛЕНТИНОВИЧ**Тайынша аудандық мәслихатының
депутаттығына үміткер,
№ 5 сайлау округі

Сущик Евгений Валентинович 1981 жылы 8 сәуірде Көкшетау облысы, Красноармейск ауданы, Красноармейск қаласында дүниеге келді. Жоғары білімі бар: 2005 жылы Омбы мемлекеттік университетін «Ақпаратты өңдеу және басқарудың автоматтандырылған жүйелері» мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын 2002 жылы «Қазпошта» АҚ-да ақпараттық жүйелер маманы болып бастап, 2009 жылдан Тайынша РҮПС бастығының орынбасары қызметін атқарды. 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Тайынша қаласындағы «Қазпошта» АҚ-да жүргізуші инкассатор болып жұмыс істейді.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА

Біздің алдымызда еліміздегі маңызды саяси оқиға – Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын сайлау күтіп тұр. Мен алдағы аудандық мәслихат депутаттығына сайлауға қатысуға шешім қабылдадым. Республиканың дамуындағы үлкен жетістіктердің артында белсенді азаматтық ұстанымы бар бей-жай қарамайтын азаматтар тұр деп санаймын.

Материалдық-техникалық базаны, оқулықтарды уақтылы жаңарту, мектептерді жаңа модификациядағы кабинеттермен жарақтандыру мәселесіне баса назар аударатын боламын.

Мемлекеттік қызметтерді алу үшін жағдайларды жария ету арқылы цифрландыру курсына қолдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің ашықтығын арттыру қажет деп санаймын.

Жолдардың барлық түрлерін абаттандыру, көшелерді жарықтандыру, сонымен бірге елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешу қажет. Негізгі мақсат - сыбайлас жемқорлыққа және оның көрінісіне қарсы күрес.

Біз осы өзекті мәселелерді бірлесе отырып шешіп, Тайынша ауданындағы өмірімізді жақсарту аламыз деп санаймын. Біздің әл-ауқатымыз өз қолымызда!

Сайлау материалы Республикалық бюджет есебінен төленді.

**ҚАНТАЕВА
ӘЙГЕРІМ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**Тайынша аудандық мәслихаттың
депутаттығына үміткер
№8 сайлау округі бойынша

Мен, Қантаева Әйгерім Бауыржанқызы 1992 жылы 2 мамырда Көкшетау облысы Қызылту ауданы Өндіріс ауылында дүниеге келдім.

Жоғарғы білімім бар: 2019 жылы А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолын 2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қарағаш орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеймін.

Тұрмыстамын. Үш бала тәрбиелеп отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Ағымдағы жылдың 19 наурызында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау өтеді.

Мәслихат депутаттығына кандидат ретінде мен өзімді ұсынамын.

Кандидат ретінде әрекет ету туралы шешім қабылдай отырып, мен қолда бар әлеуметтік мәселелерді шешуге бар күш-жігерімді салып, жұмыста барлық дағдыларым мен білімімді қолдануға ниеттімін.

Менің сайлауалды бағдарламам ауылдық округ тұрғындарын толғандыратын келесі мәселелерді іске асыруды қамтиды:

- білім беру мекемелерін жаңғырту, материалдық-техникалық базаны, оқулықтарды уақтылы жаңарту, мектептерді жаңа формациядағы кабинеттермен жарақтандыру;
- жаңа жұмыс орындарын құру есебінен ауыл жастары арасында жұмыссыздық мәселесін шешу маңызды деп санаймын.
- ардагерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларды, балаларды, жастарды, аз қамтылған азаматтарды одан әрі әлеуметтік қолдау;
- халықтың рухани бірлігін, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға жәрдемдесу.

Сайлау материалы Республикалық бюджет есебінен төленді.

**РОСПАЕВА
ГҮЛЗАТ МАРАТҚЫЗЫ**Тайынша аудандық мәслихатының
депутаттығына үміткер,
№ 1 сайлау округі

Роспаева Гүлзат Маратқызы 1992 жылы 23 қарашада Көкшетау облысы, Красноармейск ауданы, Красноармейск қаласында дүниеге келді. Жоғарғы – педагогикалық білімі бар. 2010 жылы жаратылыстану педагогика факультеті оқуына түседі. 2014 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін «Биотехнолог» мамандығы бойынша тәмамдады. 2014 жылдан бастап Тайынша қаласындағы №4 орта мектебінде биология пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. АМАНАТ партиясының мүшесі.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА

2023 жылғы 19 наурызда аудандық мәслихатта сіздің мүдделеріңізді білдіретін кандидатты сайлау науқаны өтеді. Мәслихат депутаттығына үміткер ретінде мен өзімді ұсынып отырмын. Сайлауға қатысу туралы шешімім қоғамға, халыққа, әрқайсыңызға қызмет ету ниетінен туындайды.

Мен Тайынша қаласы тұрғындарының мәселелерін, ресурстық әлеуетті мен экономиканың мүмкіндіктерін жақсы біле отырып, сайлауға барамын және осы мәселелерді шешуге елеулі үлес қосуға тырысамын. Егер маған сіздің мүдделеріңізді білдіруге және қорғауға жоғары сенім берілсе, депутаттық қызметтің негізгі күш-жігері мынадай міндеттерді шешуге бағытталатын болады:

- аз қамтылған халықты одан әрі әлеуметтік қолдау;
 - білім беру саласын жетілдіру, мектептер мен балабақшаларды жөндеу;
 - жастарды, аз қамтылған азаматтарды одан әрі әлеуметтік қолдау.
- Сіздің қолдауыңыз бен дауысыңызға үміт артып, сенім білдіремін!

Сайлау материалы Республикалық бюджет есебінен төленді.

СКРИНИНГ-БҮЛ ҚАТЕРЛІ АУРУЛАРДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Онкологиялық ауруларды анықтауға арналған Скрининг-бүл қатерлі ісік пен қатерлі ісікке дейінгі ауруларды ерте анықтау бағдарламасы, оның көмегімен науқаста қатерлі ісік белгілері мен шағымдарсыз дамығанын анықтауға болады.

Қазақстанда қатерлі ісіктерді ерте анықтауға скринингтің 3 түрі бар: жатыр мойны обырының скринингі (30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер арасында цитологиялық зерттеуге жағымды алу жолымен 4 жылда 1 рет жүргізіледі); сүт безі обырының скринингі (40 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер арасында 2 жылда 1 рет маммография жүргізу жолымен жүргізіледі); тоқ ішек обырының скринингі (ерлер мен әйелдер арасында 50 жастан 70 жасқа дейін 2 жылда 1 рет нәжістігі жасырын қанды анықтау жолымен жүргізіледі). Көрсетілген скринингтер тіркелген жері бойынша емханада немесе дәрігерлік амбулаторияда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кіреді.

Тегін скринингтен сіз тіркелген медициналық ұйымнан өте аласыз.

сүт безі скринингі:

Маммография-сүт бездерін рентген сәулелерімен тексеру. Бұл сүт безінің қатерлі ісігін немесе/және басқа да сүт бездерінің ауруларын ерте анықтаудың тиімді әдістерінің бірі болып саналады.

Тексеру нәтижелері: маммографиялық тексерудің нәтижелері сізді маммографияға жіберген учаскелік мейірбикеден білу керек.

Жатыр мойны обыры бойынша Скрининг:

Жатыр мойны обыры-әйелдердің кең таралған

онкологиялық ауруларының бірі. Жыныстық өмірді бастаған кез-келген әйел жатыр мойны обырымен ауыруы мүмкін. Ісік негізінен вирус (HPV) – адамның папилломавирусынан пайда болады.

Колоректальды қатерлі ісік скринингі

Тоқ ішек-бүл аш ішектің соңы мен анальды канал арасындағы ішектің бөлігі, ол өз кезегінде соқыр, тоқ ішек және тік ішекке бөлінеді.

Тоқ ішек қатерлі ісігі-бүл әртүрлі факторлардың өзара әрекеттесуіне байланысты кезек-кезекмен жүретін процесс. Бұл қатерлі ісік ауруының пайда болуы үшін кем дегенде бір жылға созылатын бірнеше факторлардың өзара әрекеттесуі қажет екенін білдіреді.

Скринингтік тексерулерге қатысу нәтижесінен неліктен маңызды?

Скринингтік тексеру алғашқы алдын-алу әдісі ретінде қатерлі ісік ауруының алдын алуға көмектеседі. Қатерлі ісік шағымдар мен белгілерді басқа органдарға таралған кезде және оны емдеу күрделене түскен кезде ғана бастайды. Скринингтік тексерулерге шағымдар пайда болғанға дейін, ісікті әлі де емдеуге болатын және ісіктің дененің басқа бөліктеріне таралып болдырмайтын кезеңдерде анықтау үшін бару керек.

Тоқ ішек қатерлі ісігін скринингтік тексеру-бұл тоқ ішек қатерлі ісігін ерте кезеңдерде немесе оның пайда болуынан бұрын, яғни адамның қатерлі ісік қаупі аз немесе үлкен полиптер болған кезде қатерлі ісікке дейінгі жағдайларда анықтауға мүмкіндік беретін тиімді әдіс.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі

СКРИНИНГ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАҚ

Үш реттік ультрадыбыстық скринингтің жүргізілуі:

- 1) жүктіліктің 11 аптасынан 13 апта және 6 күніне дейін;
- 2) 19 аптадан 21 аптаға дейін;
- 3) 30 аптадан 32 аптаға дейін.

Егер ультрадыбыстық скрининг жүргізу кезінде пренатальды скринингтің бірінші кезеңінде төмендегілер анықталса: хромосомалық патологияның ультрадыбыстық маркерлері (белгілері);- ұрықтың туа біткен ақаулары;

- бірінші триместрдің біріктірілген тестін өткізгеннен кейін ұрықтың хромосомалық патологиясының жоғары жеке генетикалық қаупі (1:150 және одан төмен);- немесе жүкті әйелдің жасы 37 де, ал оның серіктесі 40 жаста болса, онда (көрсетілген факторлардың бірі болған кезде) жүкті әйел жүктіліктің ұзартудың орындылығы туралы мәселені шешу мақсатында ұрыққа УДЗ қайта жүргізу немесе инвазивтік пренаталдық диагностика жүргізу немесе мультисциплинарлық перинаталдық консилиум жүргізу үшін көрсетілгендерді анықтау бойынша генетикке пренаталдық скринингтің екінші кезеңіне жіберіледі.

Акушер қандай медициналық көмек көрсете алады?

Акушер дәрігердің қатысуын қажет етпейтін медициналық көмек көрсетеді. Бұл:

- 1) пациенттің денсаулық жағдайын анықтау үшін қабылдау және медициналық тексеру, жүктіліктің аурулары мен асқинуларын анықтау;
- 2) жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге және фертильдік жастағы әйелдерге олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда кезек күттірмейтін және шұғыл медициналық көмек;
- 3) созылмалы аурулары бар жүкті әйелдерді учаскелік дәрігерлермен және бейінді мамандармен бірлесіп динамикалық бақылау;
- 4) акушер-гинеколог дәрігерінің тағайындауларын орындау;
- 5) бағыттар мен ұсынымдар бере отырып, әмбебап-прогрессивтік модель негізінде жүкті әйелдер мен босанған әйелдердің физиологиялық жүктілігін және патронажын өз бетінше жүргізу;
- 6) жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге, гинекологиялық науқастарға және әлеуметтік қауіп бар ұрпақты болу жасындағы әйелдер тобына үйде медициналық қызмет көрсету, жүктіліктің 12 аптасы мен 32 аптасына дейінгі мерзімде жүкті әйелді әмбебап (міндетті) патронаждық бақылау, жүкті әйелдерді патронаждық әмбебап-прогрессивті моделінің схемасы бойынша олардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қатер төндіретін медициналық немесе әлеуметтік сипаттағы тәуекелдер анықталған жүкті әйелдерді прогрессивті қарау немесе патронаждық бақылау;
- 7) отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулығын қорғау мәселелері бойынша консультация беру.

Егер жүкті әйел тағайындалған күннен бастап үш күн ішінде қабылдауға келмесе, онда акушер немесе учаскелік медбике оған патронажға келуі тиіс.

Егер жүкті әйел орташа қауіп-қатерге душар болса (оның ішінде емшек сүтімен байланысты проблемалар, гигиеналық дағдыларға қатысты қиындықтар), акушер / учаскелік медбике өз бетінше немесе учаскелік дәрігермен бірігіп жұмыс жасайды.

Бірақ, егерде әйел әлеуметтік сүйемелдеуді қажет ететін жоғары тәуекел тобына кіретін болса (қатыгездік, зорлық-зомбылық, әйелдің мүгедектігі), мәліметтер әлеуметтік қызметкерге, психологқа және қажет болған жағдайда тиісті мекемелерге (білім беру, әлеуметтік қорғау, ішкі істер, жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар) беріледі.

Перзентханаға жолдама

Жүктілік бойынша есепке қойылған сәттен бастап әйел босануға байланысты дайындық мектебіне бара алады. Бұл оған болашақ ана ретінде қажетті дағдыларды игеруге көмектеседі.

Жүкті және босанатын әйелдерді перзентханаға жіберу перинаталдық көмекті өңірлендіру деңгейін ескере отырып (медициналық көрсетілмдер бойынша),

жүктіліктің 37 аптасынан бастап «Емдеуге жатқызу бюросы» порталының құту парағында тіркеледі. Бұл дегеніміз, егер әйелде жүктілік қалыпты жағдайда болса, онда ол жақын маңдағы перзентханаға босануға жіберіледі. Алайда, егер жүктілік асқинулармен жүрген жағдайда, онда босану мамандандырылған орталықтарда жүзеге асырылады. Жүкті әйелді ауруханаға жатқызу үшін кезекке қояды, ал оның соңғы күні босанудың басталуымен анықталады.

Ал егер сақтандырылмаған болса?

Ең алдымен, жұмыс істейтін әйелдер үшін жарна – олардың жалақы мөлшерінің 2%-ы түсетінін атап өткен жөн. Жұмыс беруші салық салынатын кірістің 2%-ы мөлшерінде аударымдар төлейді. Декреттік демалысқа шыққаннан кейін әйел табысын алуды тоқтатады және ол үшін енді жұмыс орнынан зейнетақы, әлеуметтік аударымдар түспейтін болады. Осыған орай, ол «жұмыс істемейтін жүкті әйел» жеңілдік санатына қосыла алады. Сол уақытта мемлекет ол үшін МӘМС-ға жарна төлейді. «Әйел жүктілік бойынша есепке тұрады және ол туралы деректер жүкті және фертильді жастағы әйелдердің тіркеліміне (ЖЖФЖӘТ) енгізіледі. Осыдан кейін төлем жүйелеріне ол үшін міндетті төлемдердің – зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың болуын тексеруге сұрау салу жіберіледі. Егер төлемдердің болмауы расталса, онда «Сақтандырылған» мәртебесі үш жұмыс күні ішінде автоматты түрде беріледі. Бұл ретте, жұмыс істемейтін жүкті әйел жеңілдікті санатта болған кезде, егер онда өткен кезеңдер үшін берешек бар болса, оны өтеудің қажеті жоқ. Бірақ, егер ол жеңілдік мәртебесін жоғалтса, онда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалану үшін қарызды өтеп, МӘМС-ке үнемі жарна төлеуді жалғастыруы керек», – деп түсіндіреді сарапшы. Алайда, әйелдер жеңілдік мәртебесін жоғалтқан жағдайлар болады.

«Жеңілдікті санаттағы әйелдер жеке себептері бойынша бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлейтін жағдайлар жиі кездеседі. Алайда, бұл төлем зейнетақы мен әлеуметтік аударымдарды да қамтиды. Сондықтан, ақпараттық жүйе осы түсімдер туралы ақпарат ала отырып, әйелді жұмыс істейтін адам ретінде автоматты түрде таниды. Бұл сақтандырылған тұлғаның жеңілдікті мәртебесін жоғалтуына әкеліп соғады. Қор мекенжайына осындай жағдайға тап болған және оларға МӘМС жүйесінде сақтандырудың жеңілдік мәртебесін қайтаруды талап ететін әйелдерден өтініштер жиі түседі. Егер екі ай ішінде олар үшін міндетті төлемдер түспесе, бұны қалыпқа келтіру мүмкін. Емханаға барар алдында МӘМС мәртебесінің болуын нақтылап алу маңызды. Гинекологтың консультациясы жоспарлы түрде МӘМС пакетіне енгізілген медициналық қызметтер тізбесіне кіреді. Сақтандырылған әйел учаскелік гинекологтың қабылдауына жалпы практика дәрігерінің жолдамасынсыз жазыла алады. Медициналық сақтандыру жүйесінде мәртебе болмаған жағдайда, оны жалпы практика дәрігері қарағаннан кейін акушер ЖЖФЖӘТ-ға қосуы тиіс. Бұл қызметтер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетіледі, яғни сақтандырылмағандар үшін қолжетімді болып табылады.

Мемлекет табысы жоқ әйелдерге тек босанғанға дейін ғана емес, одан кейін де қамқорлық жасайды – бала туылғаннан кейін «Үш жасқа толғанға дейін балаға (балаларға) күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар» санатында сақтандырудың жеңілдікті мәртебесін алуға құқық береді. Жеңілдікті санат бойынша сақтандыруды алып, әйел МӘМС тізбесіне кіретін барлық медициналық қызметтерге қол жеткізе алады.

Егер сұрақтарыңыз болса, сіз оларды емханаңыздан Пациенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласып сұрай аласыз. Егер сізге сол жерде қажетті көмек көрсетілмесе, онда сіз ыңғайлы байланыс арнасы арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтініш жіберуге аласыз: Ресми fms.kz сайты, 1406 байланыс орталығы, Telegram-дағы Qoldau 24/7 және SaqtandyruBot мобильді қосымшасы.

«ӘМСҚ» КЕАҚ СҚО бойынша

Оңай олжа: алаяқтар кәсіпкерлердің аңғалдығын қалай пайдаланады

Дара кәсіпкерлер мен өзін өзі жұмыспен қамтыған адамдар жиі түрлі «кредиттік делдалдардың» көмегіне жүгініп жатады және де алаяқтарға орташа есеппен қаржы сомасының 10%-ын төлеуге қарсы емес. Бұл IDF Eurasia компаниясының Қазақстандық барлық аймақтарынан 12 мың респонденттердің арасында жүргізіген соңғы зерттеулерінің нәтижесі болды.

Заңды тұлғалар мен ДҚ зиянкестер үшін ерекше қызығушылық туғызады, және, көп жағдайда, оның «құрбандары» қаржы алаяқтарының қолына ақшаны, сондай-ақ маңызды конфиденциалды ақпаратты өздері салып береді.

Fingmota.kz-пен бірлесіп, бизнесмендер іс жүзінде кімдерге тап болатындары және өзін, сондай-ақ өз қаржысын қалайша қорғай алатындарын қарастырайық.

Делдалдардың түрлері

«Қара кредиторлар» көрсететін қызметтер – бұл қазақстандық кәсіпкерлер жиі тап болып жататын алаяқтықтың кеңінен таралған тәсілдерінің бірі. Интернет мен мұндалап тұрған «жеңілдікті онлайн-кредиттер», «төмен пайыздық мөлшерлеменен микроқарыздар», «артық төлемсіз адал кредиттер» ресімдеу бойынша қызметтер көрсетуге көмектесетін-мыс күмәнді делдалдардың хабарландыруларына толы, бұл ретте қарыз алушының дербес кредиттік есебіндегі мәліметтер олар үшін ешқандай рөл атқармайды. Мұндай делдалдар теріс кредиттік тарихты азын-аулақ ақы үшін «тазартуды» ұсынуы мүмкін.

Есіңізде болсын!

Кредиттік тарих – бұл 5 жыл ішінде барлық міндеттемелер: жабық, ағымдағы, мерзімі өткен кредиттер; қайтару мерзімдері; кредиттік ұйымдарға өтініштер туралы барлық ақпарат сақталатын қарыз алушының өзіндік досесі. Жақсы кредиттік тарих – бұл екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (мысалы, «Қазпочта» АҚ) және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (МҚҰ, кредиттік серіктестіктер, ломбардтар) - кредиторлар үшін қарыз алушының оң имиджі. Кредиттік ұйымда лицензияның болуын ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің www.gov.kz сайтынан тексере аласыз.

Кредиттік бюроға ешқандай жеке компаниялар қолжеткізе алмайды, сәйкесінше, олар мерзімін өткізіп алулар және басқа да ақпараттарды жоя отырып кредиттік тарихты тазарта алмайды

Қарызды «өте кремет» шарттармен ресімдеуге келетін болсақ, мынаны есте сақтау керек: Қазақстанда әлеуетті қарыз алушы мен кредитор арасында «жеңілдікті мөлшерлеме бойынша кредиттерге» көмектесе алатын ешқандай да делдалдар жоқ. Сонымен, сізге осындай кредит «аула» кепілдік беретін адам алаяқ екендігі айдан анық! Қаскүнемдер тек кредиттермен ғана емес, сонымен қатар әкімшілік мәселелерді шеше отырып, әртүрлі тендерлерде «көмек» ұсынуы мүмкін екендігін айта кетейік. Алаяқтыққа байланысты тәуекелдерді азайту үшін ресми түрде жұмыс істеп, бизнесте тек ашық схемаларды қолданған дұрыс!

Телефон алаяқтары

Телефон алаяқтарының схемалары жылдар бойы дамып, жетілдіріліп келеді, алаяқтар өзінің әлеуетті құрбандарының санын арттыру үшін заманауи технологиялар мен әлеуметтік инженерия әдістерін белсенді түрде қолданып отырады.

Қаскөйлер өздерін банктердің, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сатып алушылар, сатушылар ретінде де таныстыруы мүмкін, олардың басты міндеті абонентті сөзге тарту, вирустық қосымшаны жүктеу не картаның толық деректемелерін, оның ішінде артық жағындағы үш таңбалы кодты, сондай-ақ SMS арқылы растау кодын айтып беруге мәжбүрлеу болып табылады.

Есіңізде болсын!

Сізге қызмет көрсетілетін банктің өзіңізге танымал төрт таңбалы нөмірінен қоңырау шалуы, мысалы, қауіпсіздік қызметінен хабарласып тұрмын деп айтса да, бәрібір сақ болыңыз. Алаяқтар кез келген нөмірді өз мүддесіне пайдаланып, хабарласуы мүмкін, алайда ол әлемнің басқа түкпірінде отыруы да мүмкін. Егер қоңырау шалушы ақша туралы сөз бастаса, онда бұл әңгімені бірден аяқтаңыз және жедел желі нөмірін өз бетіңізше тере отырып банкке немесе бұныц алдында өзіңізге қызмет көрсеткен банк менеджеріне қайта қоңырау шалыңыз. Банк менеджерлері ешқашан сіздің төлем деректеріңізді алу үшін бірінші болып қоңырау шалмайды. Олар ақшаның дереу «қауіпсіз» шотқа аудару қажет деп қоқан-лоқы көрсетіп, қорқытпайды. Егер Банк операцияны күмәнді деп санаса, ол барлық шоттарды бірден бұғаттайды, содан кейін барып орын алған жағдайды мән-жайын анықтайды.

Сондай-ақ, қаскөйлер өздерін салық қызметі, прокуратура, ІІМ, үкіметтік емес және басқа да ұйымдардың қызметкерлері ретінде таныстыруы мүмкін, алайда жеке деректеріңізді алғысы келетін бейтаныс адамдарға сенбеңіз!

Фишинг-алаяқтар

Фишинг, яғни, пайдаланушылардың идентификациясы деректерін алу үшін пайдаланылатын интернет-алаяқтықтың түрі кез келген бизнеске елеулі зиян келтіруі мүмкін. Мысалы, қаскүнемдер сіздің электрондық поштаңызға бизнес-серіктестен немесе ірі форум ұйымдастырушысынан қандай да бір жобаны қарауды немесе іс-шарға қатысу үшін ақы төлеуді ұсынған хат жіберуі мүмкін. Сілтемені басу арқылы сіз түпнұсқадан айырмашылығы жоқ фишингтік сайтқа кіресіз. Немесе компанияның жаңы желісіне енетін және маңызды есептік деректерге қол жеткізетін зиянды бағдарламалық қамтылымды (БК) автоматты түрде жүктеу орын алуы мүмкін. Осылайша, сіз және сіздің кәсіпорныңыз туралы конфиденциалды ақпарат сыртқа жария болуы мүмкін, бұл алаяқтарға сіздің шоттарыңызды иеленуге, ақша аударымдарын жасауға немесе жалған қарыз ресімдеуге мүмкіндік береді.

Есіңізде болсын!

Ешқашан күмәнді сілтемелерге, соның ішінде SMS, түрлі мессенджерлер арқылы келетін немесе әлеуметтік желілер директеріңізді күмәнді сілтемелерге кірмеңіз! Вирусқа қарсы БҚ-дан үнемдемеңіз, өз ұйымыңыздағы қауіпсіздік жүйесін күшейтіңіз. Ұйымның атауындағы қателер, әріптің түсіп қалуы мен жіберілген қателердің көптігі, қысық беттелуі, бөтен дизайн элементтерінің болуы күдік туғызады тиіс. Өз қызметкерлеріңізді үнемі оқудан өткізіп отырыңыз, олар фишингті тани білулері тиіс. Фишингтік шабуылдардың түрлері күн сайын және сағат сайын өзгеріп отырады, сондықтан киберқауіпсіздік мақсатында қызметкерлеріңіз өздерінің есептік жазбаларына кіретін парольдарын үнемі өзгертіп тұрулары тиіс.

Жосықсыз инвестициялық делдалдар

Кейбір кәсіпкерлер жедел ақша іздегіруі барысында жалған брокерлерге немесе қаржы пирамидасына тап болуы мүмкін. Өздерін жиі инвестициялық делдалдар деп таныстыратын алаяқтардың сендіру қабілеті жоғары және өз құрбандарының аңғалдығын терісі пайдаланады. Мысалы, олар бірегей инвестициялық жобаға жылдық 200-400% табыспен салым салуды немесе қор нарығында немесе Forex нарығында сауда-саттық өткізу үшін жалған брокерлік ұйыммен шарт жасасуды ұсынады. Ақыр соңында ақшаны қолға түсірген «инвестициялық делдалдар» із-түссіз жоғалады, ал кәсіпкерлер тақырға отырады.

Есіңізде болсын!

Егер сіз брокермен ынтымақтастық құруды жоспарласаңыз, оның алаяқ емес екендігіне көз жеткізу қажет. Сол себепті қаржы реттеушісінің www.gov.kz сайтында оның бағалы қағаздар нарығында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясының бар-жоғын тексеріп алыңыз. Агенттіктің интернет-ресурсындағы брокердің барлық деректемелері лицензияда көрсетілген деректемелерге сәйкес болуы тиіс. Сондай-ақ сіздің брокеріңізді уәкілетті органның лицензиясы жоқ және жоғары кірістілік кепілдігіне уәде бере отырып, клиенттердің ақшасын инвестициялық мақсаттар үшін тартатын жосықсыз делдалдар тізіміне кіре ме, жоқ па соны міндетті түрде тексеріңіз. Бұл тізімді Агенттік 2021 жылғы маусымнан бастап өз сайтында жариялауда.

Қаржы пирамидасының алданып қалған салымшысы болмау үшін оның негізгі белгілерімен таныс болу қажет. Олардың ішінде негізгілерін қарастырайық:

1. **Ертіп келген клиенттер үшін сыйақы.** Егер сізге компанияға алып келген әрбір клиент үшін қосымша ақы төлеуге уәде берілсе, бұл ақшаны бермеу үшін және барлық таныстарды осындай қауіпті шарадан айынуға жеткілікті негіз болып табылады.
2. **Нарықтық деңгейден бірнеше есе жоғары табыстылыққа кепілдік беру.** Түрлі «инвесткомпаниялар» табыстылыққа кепілдік бере алмайды, бұған заң жүзінде тыйым салынған. Егер біреу кепілдік берсе, онда ол алаяқ.
3. **Қажетті лицензиялардың болмауы.** Егер компания халықтан ақша салымдарын тартса немесе қор нарықтарына инвестиция салуды ұсынса және оның лицензиясы болмаса, онда онымен байланысуға бола ма, жоқ па дұрыстап ойланңыз. Мұндай ұйымдар ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бақылауында емес, демек Сіздің құқықтарыңыз бен мүдделеріңізді ешкім қорғай алмайды.
4. **Мүшелікке кіру жарнасының болуы: ресімдеуге, оқытуға, акцияларға және басқаларға.** Әдетте, бұл жарна пирамида ұйымдастырушыларының негізгі табысы, сондай-ақ қаржы пирамидасының айқын және тән белгісі болып табылады.
5. **Меншікті негізгі құрал-жабдықтарының, басқа да қымбат активтерінің болмауы.** Оқиға жайсыз нәтижемен аяқталса, компанияның қолда бар мүлкі мен активтерін сатуға және салынған ақшаны ішінара қайтаруға болады. Бірақ қаржы пирамидаларында мұндай активтер жоқ.
6. **Агрессивті жарнама кампаниясы.** Қаржы пирамидаларының жарнамасы аз уақыт ішінде барынша көп клиентті тартуға негізделген және пирамидалардың негізін қалаған адамдарға тиімді болатын ақпаратты ғана қамтиды. Әрине, мұндай компания клиентіңіз тап болуы мүмкін тәуекелдерді жарнама берушілер белгілі себептер бойынша айтауға тырысады.
7. **Ұйым қызметінің нақты анықтамасының болмауы.** Пирамиданың салымшылардың өздерінен басқа клиенттері жоқ. Сізге жеткізушілерді, мысалы, өзге де бизнес-серіктестерді ешқашан көрсетпейді. Егер компания осылай әрекет ететін болса, оған сенбеудің барлық негіздері бар, себебі ол ақша қаражатының қозғалысын бақылаудан барынша қашады.
8. **Консультациялардың тек жеке кездесу кезінде берілуі.** Жеке кездесу кезінде клиенттің сеніміне кіріп, оны ақша салуға көндіру үшін әртүрлі психологиялық айла-тәсілдерді қолдану оңайға соғады.
9. **Төлемдер тек қолма-қол ақшамен қабылданады.**
10. **Сізді «шартқа» ойланбастан қол қоюға шақырады.** Асығыс шешім қабылдамаңыз! Сіздің заңгеріңіз шартпен мұқият түрде танысып шығуы керек. Ал ең дұрысы үнемі мына қағидаңы бақылауды алыңыз – талаптарымен мұқият түрде таныспай тұрып ешқашан ешқандай шартқа қол қоймаңыз!

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі Петропавл қ. ӨӨБ.

СӨЙЛЕУДЕГІ ПАЙҒАМБАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАР

«Ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» Ж. Баласағұн

Адамның қоғамда өз орнын табуында, көпшілік құрметі мен сеніміне ие болуында, кемел ғұмыр кешуінде орнымен, дәмді, дәйекті сөйлей білу, тауып айтатын тапқырлығы үлкен рөл атқарады. Өйткені ақылы кемел, кісілігі зор, білімі мол, адам ғана солай сөйлей алады. Ондай дәмді, қисынды, қысқа қайыратын қызықты, айшықты да әділ сөзді халық ұйып тыңдап тура сөз құдайы сөз деп тоқтаған.

«Өнер алды – қызыл тіл», «Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады» деп тілді аспандата дәріптесе, енді бірде – «Басқа пәле – тілден», «Көнектей басыңа шүмектей тілің жау», «Айтылған сөз – атылған оқ», деп тірнектеп жиган абырой-беделінді орынсыз айтылған сөздің айрандай қылып төгіп жіберетінін де айтқан. «Сөз қадірін білмеген – өз қадірін білмейді» деген халық «Құлаққа кірген суық сөз, көңілге барып мұз болар», «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деп, сөз семсерін оңды-солды серпі берудің көңіл жаралатынын, сондықтан, әрбір сөзге абай болуды меңзейді, сөзбен жұбатуда да, жылатуға да болады.

Жаратушы Иеміз Алла Тағала адам баласын сансыз нығметтерге бөлеген. қасиетті Құран Кәрімде:

«Егер Алланың нығметін санайтын болсаңдар санына есте жете алмайсыңдар»¹, дейді. Сол сансыз ұлы нығметтердің бірі – сөйлеу нығметі. Сөйлей алу ұлы нығмет болса, тіл оның құралы.

Шындығында сөйлей алу, көкейіндегі бүткіл сезімдер мен ойыңды екінші бір адамға жеткізу, Алланың адам баласына берген шексіз нығметтерің бір ғана көрінісі. Алла Тағала осы тілмен пайғамбарларды жіберіп, осы тілмен дінді жеткізген, осы тілмен біз иманға келеміз. Құран Кәрімде:

«Біз әр пайғамбардың қауымына ақиқатты ашып түсіндірсін деп, тек өз қауымының тілінде сөйлейтін етіп жібердік»², – дейді.

Тіл Алла Тағаланың ерекше жаратылысы екені жайында:

«Біз оған (көрсін деп) екі бірдей көз бермедік пе? (сөйлесін деп) бір тіл, қос ерін (бермедік пе)?»³, – дейді.

Тіл адамды басқа жаратылыстардан ерекшелейтін негізгі белгі. Адамның ең басты ерекшелігінің бірі, төлқұжаты. Бұл жайында қасиетті Құранда:

«Рахман, (Алла)! (Адамдар мен жындарға) Құранды үйретті. Адамды (жоқтан) жаратты. Оған сөйлеуді үйретті»⁴, – деп келеді.

Бұл дүниеде біз тілге үкім етіп, иелік етсек қияметте ол біздің иелігімізден сусып шығып, Алланың әмірімен ғана сөйлейді. Бұл дүниедегі жаман-жақсы сөздерімізді жіпке тізгендей етіп, алдымыздан шығарады, солайша біздің барар мәңгі мекенімізді айқындайды. Бұған қатысты аятта:

«Қиямет күні олардың тілдері нәм қол-аяқтары дүниеде не істеп не қойғанын жіпке тізгендей етіп айтып беріп, өздеріне қарсы күә болады»⁵, – делінген.

Адам баласы үшін тілдің өткірлігін жете түсінген бабаларымыз: «Ащы тілдің захары жылан уынан да күшті», «Адамды төрге де, көрге де сүйрейтін сол байлаусыз тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Он күнәнің тоғызы тілден екен» – деп, бекер айтпаса керек.

Айтылған сөз атылған оқ демекші айтқан сөзіңізді қайтарып ала алмайсыз. Отыз тістен шыққан сөз, отыз елге әп-сәтте-ақ тарап кетеді. Сол себепті тілін құрықтай білген, оған иелік еткен адам бұл өмірдің ұятынан, ақыреттің азабынан құтылары хақ.

Сөйлеу барысында мұсылман адам келесі нұсқауларды ескергені абзал:

Бірінші: Сөздің ең жақсысын таңдау
Адамдармен сөйлескенінде сөздің ең жақсысын таңдап, әсемдеп айтуың Алланың құзырында садақа бергенмен бірдей. Сол себепті екінші адамға айтар сөзіңді сыйлық ретінде сана. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Тозақ отынан жарты құрма болсын садақа беріп сақтаңдар, ол болмаса, жақсы сөз айтыңдар»⁶ – деген болатын.

Екінші: Сөздердің анық, ұғынықты шығуы.
Сөйлеу барысында асықпай, аптықпай ойдың екінші адамға анық жетуі – сөйлеу әдебінен. Айтқан сөзің екінші адамға ой салатындай мағыналы да болу қажет. Айша анамыздан жеткен риуаятта Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөйлеу мәнері жайында былай деген: «Алланың Елшісі сөйлегенде сендер секілді сөйлемейтін, соңынан қайталаған адам жатап алатындай (сөзі ұғынықты, мағыналы) еді»⁷.

Үшінші: Тыңдаушының деңгейіне сай сөйлеу.
Адам екінші бір адамға жауап бермес бұрын оның ойлау деңгейін, жасын, білімін, көңіл күйін,

оған қатысты ұстанымын ескеруі тиіс. Бұл жайында Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

«Адамдармен ақыл деңгейлеріне сай сөйлеуге әмір етілдік»⁸.

Төртінші: Айтылар мәліметтің дұрыстығына көз жеткізу.

Айтылар сөзі болжамға, негіз артпайды. Мұсылман алып-қашпа әңгімелерден, дұрыстығында күмән туғызатын мәліметтерден аулақ болған жөн. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде қоғам алдында пасықтығымен танымал болған адамдардың жеткізген хабарына мұқият болу керетігі жайында:

«Әй мүміндер! Пасық біреу хабар әкелсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе, білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер»⁹.

Бесінші әділетті халифа деген атпен танымал Омар ибн Абдулазизге бір кісі келіп, әлде бір адам жөнінде жаман сөздерді айта бастайды. Сонда Омар: «Бұл айтқан сөздеріңді тексеріп көрелік. Егер өтірік айтқан болсаң: «Пасық біреу хабар әкелсе, оны анықтаңдар», – деген аятта айтылғанындай пасық адам болғаның. Егер сөзің рас болса: «Өте айыптағыш, өсек тасығышқа да (бой ұсынба)»¹⁰, – делінген адамдардансың. Ал егер сөзіңді қайтарып алдым десең, айтқаныңа кешіріммен қарауға әзірміз», – дейді. Сонда әлгі кісі: «Мені кешіріңіз мүміндердің әміршісі! Енді бұндай іске бармаймын» – дейді¹¹.

Бесінші: Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір.

Алла жолына шақыру, жақсылыққа үндеу, ілім беру секілді игі амалдардан өзге жағдайларда адам көп сөзден қашық болғаны жөн. Сөз көбейген кезде мейлі ол інжу-мәржанмен көмкерілсе де оның қадірі кетеді, көп сөзде өтіріктің орын алуы ықтимал. Ас тілді үйірерлік дәмді болса да шамадан тыс асыра желінсе, дәмді кетеді. Сол секілді сөз де көбейсе берекесі жойылады. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде көп сөйлеуден қашық болу керектігі жайында:

«Ақиқатында мүміндер тілегеніне жетті, олар намаздарында именіп тұратындар. Олар бос сөздер мен ойын сауықтан аулақ»¹², – деп мұсылман адамның бос сөзден аулақ болатынын меңзейді.

Алтыншы: Әйтпес сөзді ой елегінен өткізу.

Айтқан сөзің біреуге тікен болып қадалмау керек. Екінші бір адамның арына, намысына, рухани жарасын ашатын сөздерден аулақ болғаныңыз абзал. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұл жайында:

«Мұсылман басқа бір мұсылманға қолымен тілімен зиян келтірмеген»¹³, – деген.

Жетінші: Мәжілістегі ізеттілік.

Отырыста сенен жасы үлкен, ілімді, құрметті адам отырса, рұқсатпен сөйлегенің дұрыс болады. Ондай адамдар сөйлеген кезде сөзін бөлу, немқұрайлық таныту әдепсіз амалдардан. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) үлкендерді құрметтеу турасында:

«Кішілерімізге мейірімді болмаған, үлкендерімізге құрмет көрсетпеген адам бізден емес»¹⁴, – дейді. Қазақ нақылдарында бұл турасыда: «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без», – деген.

Сегізінші: Сөйлегенде күлімдеу.

Күлімдеудің сиқырлы күші бар. Күлімдеу – адам баласына материалдық та физикалық та қиындығы жоқ дүние. Күлімдеу – ішкі дүниеміздің сыртқа көрініс беруі. Күлімдеп жүрген адам ешқандай шығынға ұшырамайды. Күлімдеу аз ғана уақытты алады, бірақ кейде мәңгілікке есте қалуы мүмкін. Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын): «Дін бауырыңның жүзіне күлімсіреуің, сен үшін садақа»¹⁵, – деген хадисі бар.

Тоғызыншы: Тілдің тазалығы.

Тіл арқылы адам иманға келіп, кәлімә шәһәдәт айттып, мұсылман болса, сол тіл арқылы оның ластығы себепті күнәға батады. Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұбарак хадисінде:

«Кімде-кім Аллаға және ақырет күніне иман келтірген болса, онда қайырлы сөз айтсын яки үндемесін»¹⁶, – деген. Сол себепті әр мұсылман екі елі ауызға төрт елі қақпақ қоя білген абзал. Өйткені, адамның сөйлеу мәнері оның қаншалықты мәдениетті адам екенін көрсетеді.

¹ «Нәхл» сүресі, 18-аят.
² «Ибраһим» сүресі, 4-аят.
³ «Бәләд» сүресі, 8-9 аяттар.

⁴ «Рахман» сүресі, 1-4 аяттар.
⁵ «Нұр» сүресі, 24-аят.
⁶ Бұхари хадистер жинағы.

⁷ Мұслим хадистер жинағы.
⁸ Дәйләмидің хадистер жинағында келген.

⁹ «Хужурат» сүресі, 6-аят; «Қалам» сүресі, 11-аят;
¹⁰ Доктур Мухаммад Мансур, «Әл-мұхтасару әл-мұфиду фи тәрбияти ән-нәфс», 27-бет;

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

Балаларымызға ақшаға деген дұрыс қатынасты неғұрлым ерте үйретсек, соғұрлым оларды бюджетін және шығындарын дұрыс өз бетінше жоспарлай білуге тезірек тәрбиелейміз.

№1 ереже. Үлгі болыңыз. Ағылшынның мақалы «Балаларды тәрбиелемеңіз – олар бәрібір сізге ұқсайтын болады. Өзіңізді тәрбиелеңіз» дейді. Мұнымен келіспеуге болмайды, себебі балалар көбіне ата-аналарының істегенін қайталайды. Сондықтан да басты кеңес – сіз қаржылық тұрғыдан сауатты болыңыз. Егер өзіңізде бюджетті жоспарлаудың қарапайым дағдылары болмаса, балаларыңыздың ұзақ мерзімді жоспарлаудың не екенін түсінуі қиындау болады. Егер отбасыңызда қаржы мәселесі реттелген болса, балаңыз да есейгенде соған ұмтылады.

№2 ереже. Ақша жайында ойын түрінде айтып беріңіз. Ойын – бұл уақыт өткізу әрі оқыту. Баланы ойын арқылы үйрету жеңіл әрі жылдам. Қарапайым ойындардан бастаңыз: Ақшаның түрі қандай? Балаңызға мынадай ойын ұсыныңыз: екеуіңіз қазына тауып алдыңыздар делік. Мұндағы ақшаның шынайы не жалған екенін қайдан білуге болады? Шынайы және «сүвенир» ақшаны пайдалануға болады. Балаңызға купюралардың шынайылық белгілері, оларды ажырата білу, әріптерінің салынуы, сұтамғы белгілері және басқа да қорғаныш белгілері жайында айтып беріңіз. Ақша қайдан алынады? Ақшаның ағашта өспейтінін, «банкоматтан» алына қоймайтынын түсіндіріңіз. Мамандықтар жайында айтып беріңіз. Ақшаның «аспаннан түспейтінін» бала түсінуі қажет. Мамандық таңдау ойыны сияқты ойын ұйымдастыруға болады. Балалар мамандық таңдап, бір біріне көрсеткен қызметтер үшін ұсақ купюраларды не тиынды пайдаланып, ақысын төлейді. Ақшаға не сатып алуға болады? Қарапайымнан бастаңыз: азық-түлікті, ойыншықты және өмірімізге қажетті заттарды ақшаға сатып аламыз. Дүкен ойынын ойнаңыздар: түрлі тауардың (ойыншықтардың) бағасын жазып қойыңыздар. Біреуіңіз – сатушы, екіншісі – сатып алушы болыңыздар. Бастысы – бала заттың оңайлықпен алына қоймайтынын, оның алдымен ақысын төлеу керек екенін түсінуі қажет.

№3 ереже. Балаңызды ақша жинап жүргені үшін көтермелеп қойыңыз. Бала таңдау жасай білуі қажет – қажет емес, нақ сол кезде қалаған нәрсесін алған дұрыс па не маңызды әрі бағалы зат алғаны дұрыс па? Мәселен, күнде кәмпит ала бермей, ақшасын жинап, айдың соңында жаңа ойыншық алу. Балаңыздың армандап жүрген затын алуы үшін ақша жинауға үйретіңіз.

№4 ереже. Қалтапұл беріп тұрыңыз. Үйренудің ең жақсы тәсілі – тәжірибе. Қалтапұл – қаржылық сауаттылықты үйретудің үздік тәсілі. Мынадай ережелерді белгілеп алған маңызды: тек қана айтылған соманы және белгілі кезеңде беру (аптаның кез келген күнін таңдайсыз). Ақшаны қалай жұмсауға болатынын міндетті түрде айтып беріңіз: оларды апта бойы жұмсау, ірі саудаға жинау, банкке салу және сол үшін пайыз алу. Ережені бұзуға болмайды. Егер бала барлық ақшасын бір күннің ішінде жұмсап қойса, ақшасыз отыра тұруға тура келеді. Бірақ берілген ереже баланың бастапқы қажеттіліктеріне қатысты емес.

№5 ереже. Балалардың өз бетімен сауда жасауына сеніңіз. Бала белгілі бір сома жинаған кезде, мысалы ойыншыққа делік, оған өз бетімен ойыншықты таңдап, оның ақысын төлеуге мүмкіндік беріңіз. Ол бұл сезімді есіне сақтап алады да, мақсатына өз бетімен қол жеткізгені үшін бойын мақтаныш кернейтін болады. Оларды саналы әрі ұқыпты болуға, бағаларды салыстырып, сапасына зақым келтірмейтіндей үнемдеуді үйретіңіз. Алдымен кез келген сауданы ата-ананың көзінше жасау қажет, содан кейін өз бетімен жасауға рұқсат беруге болады.

№6 ереже. Өз бюджетіңізді басқаруды үйретіңіз. Балаға сіз берген ақша немесе туыстары туған күніне сыйға берген ақша – толығымен өзіңкі екенін түсіндіріп айтыңыз. Демек, кез келген шешім үшін бала өзі жауапты болады. Өзіңіздің мысалыңыз арқылы отбасылық бюджетті қалай жүргізетініңізді, еңбек ақысын қалай үлестіретініңізді айта аласыз. Қанша ақшаңыз міндетті төлемдерге кетеді, қаншасын еңбек демалысына сақтап қоясыз.

№7 ереже. Баланың қателесу құқығын сыйлаңыз. Балаңыздың заттарға, соның ішінде ақша мәселесіне келгенде көзқарасы сіздің көзқарасыңыздан ерекше болуы мүмкін. Оның пікірін сыйлаңыз. Оның жасаған әрекеттерін ешқашан сынамаңыз. Оған өз қателіктері арқылы үйренуге рұқсат беріңіз және қажет болған жағдайда ақыл айту арқылы көмектесіңіз. Мысалы, егер ол қандай да бір маңызды әрі ірі саудаға жинауға жоспарлаған ақшасын бір сәттік қалауына жұмсаған болса, оған ұрыспаңыз. Ол үшін енді ақша жинау мерзімі қаншалықты ұзарғанын бірге санаңыздар да, ақша табудың жаңа мүмкіндіктерін табуға көмектесіңіз.

№8 ереже. Қосымша табыс нұсқаларын ұсыныңыз. Жұмысты бірден белгілеп, соманы анықтаған дұрыс. Мысалы: міндетті түрде итпен серуендеп келу, үй жануарларын күту, бауырлары мен қарындастарына қарау, апасына бақшада көмектесу және көптеген басқа нәрселер. Ең маңыздысы, сіз «тарифтерді» көңіл-күйіңізге қарай ауыстырмауыңыз керек. Осы қарапайым, бірақ негізгі ережелерді сақтап, сіз баланың жастайынан ақшаға деген дұрыс қатынасын орнатасыз.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігі Петропавл қаласы.

ОТБАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ 10 ҚҰНДЫЛЫҚ

Қоғамда отбасылық құндылықтарды дәріптеу үшін Massaget.kz тілшісі отбасылық психолог Аяулым Өмірғалиқызымен сұхбаттасып, әр отбасыда болуы керек құндылықтар жайлы білді.

Құндылықтар - бұл біз отбасын құрайтын іргетас. Отбасылық құндылықтар көзқарастары әртүрлі болса да, отбасы мүшелерін біріктіре алады, бірге әрекет етуге және жақсы қарым-қатынасты сақтап қалуға көмектеседі. Егер отбасылық құндылықтар болмаса, ерлі-зайыптылар арасында келіспеушілік туындаса, оларды біріктіретін ештеңе қалмайды. Содан соң ерлі-зайыптылар бірге өмір сүрудің мәнін көрмейді. Құндылықтар біріктіруші және мотивация беруші фактор ретінде бола алады. Сондықтан отбасы құрған кезде ерлі-зайыптылар құндылықтар жайлы сөйлесіп, оларды бекітіп, қабылдап, болашақта соларға сәйкес әрекет етуі, шешім қабылдауы керек.

Психологтың айтуынша, отбасыда мына құндылықтар болғаны жақсы: 1. Отбасы құндылығы: Отбасыда барлығы бір-бірін кез келген жағдайда қолдайды. Егер қиындықтар немесе жағымсыз сыртқы жағдайлар туындаса, олар жақын адамдарының жағында болады. Бұл сенімділікті қалыптастырады және туғандармен үйлесімді қарым-қатынас құруға көмектеседі. Отбасы құндылығының арқасында кез келген қиындық оңай өткеріледі, себебі әркім жақындарының қолдауын сезеді. 2. Жауапкершілік құндылығы;

Бұл өз әрекетіне жауап беру қабілеті. Жағдайды кінәламай, оны өзгерту үшін әрекет ету. Ерлі-зайыптылар да кімнің кінәлі екенін іздемейді, оның орнына бірге проблеманың қолайлы шешімін табуға тырысады. Біздің өміріміз үшін жауапкершілік өзімізде. 3. Достық құндылығы: Адамдар - әлеуметтік жандар. Олардың бақытты болуына қарым-қатынас қатты әсер етеді. Егер ерлі-зайыптылар достықты базалық құндылық ретінде қабылдаса, олар оны балаларына сіңдіреді және айналадағыларға ізгі ниетпен қарауға тырысады. Достық өмір тиімділігін арттырады. Сондай-ақ ол отбасыдағы үйлесімді атмосфераны сақтауға көмектеседі.

4. Жақындыққа сенім құндылығы: Біз өмірде қиындықтарға жиі жолығамыз. Бірақ отбасыда бір-біріне деген сенімділік болса, қорқыныш кетіп, өз күшіне сенімділік пайда болады. Әйелі күйеуіне бір істі бастағысы келетінін айтып, жоспарымен бөліссе, серігі «Қолыңнан келеді! Бастап көр, мен саған сенемін!» дегені оған күш сыйлайды. Табысқа жетудің кілті - өз балаларына, серігіне сену. Кез келген жағдайда қателесуден қорықпаңыз. Қателіктерден өмірлік тәжірибе аласыз.

5. Білім құндылығы: Кез келген адам өзін дамытуды тоқтатпауға тырысу керек. Егер отбасыда білім құндылығы қабылдана, білімге кететін шығын ешқандай дау туғызбайды. Өзін-өзі дамытуда оның ортасы үлкен рөл атқарады. Адамның жанында үлгі алатын адамдар болғаны жақсы. Бұл жерде білім құндылығы достық құндылығымен қатар жүреді десе де болады. Қаншалықты көп адаммен араласасыз, соншалықты көп нәрсе үйренесіз, білесіз.

6. Денсаулық құндылығы: Денсаулықты қалыпқа келтірудің қажеті жоқ: оны сақтау маңызды. Денсаулықтың алдын алу үшін оған қаражат пен уақыт бөлуге тырысыңыз. Денсаулық құндылығы орнатылған отбасыда ерлі-зайыптылар өздерінің және балаларының күн тәртібіне және тамақтану режиміне аса мән береді. Сондай-ақ, мұндай отбасыда аурудың алдын алу, физикалық белсенділікке уақыт бөлу қалыпты нәрсеге айналады.

7. Спорт құндылығы: Физикалық жүктеме денсаулыққа өте пайдалы. Сондықтан баланы кішкентай кезінен спортқа баулыған жөн. Алайда бала үшін ата-ана әрқашан үлгі. Сондықтан оны балаға іспен көрсетуге тырысыңыз. Егер бала кезден жүзу, гимнастика және басқа да спорт түрлерімен айналыса, ол адамда нақты зат алмасу қалыптасады, ол сирек ауыратын болады және өзін белсенді сезінеді. Отбасы спортты базалық құндылық ретінде қабылдаса, ерлі-зайыпты жаттығуға қаражат пен уақыт бөледі және оған әркім түсіністікпен қарайды.

8. Шығармашылық құндылық: Шығармашылықтың адам денсаулығына, психикасына пайдасы зор. Сондықтан отбасыда шығармашылыққа да уақыт бөлу маңызды. 9. Ақша құндылығы: Егер ерлі-зайыптылар өздерінің материалдық жағдайын жақсартқысы келсе және оның көмегімен мақсаттарына жеткісі келсе, олар қаржылық сауаттылықты арттыруды, шығындарды жоспарлауды үйренуді қолға алуы керек. Ақшаны дұрыс жұмсау, ақша жинау әдетін баланың бойына сіңіру де маңызды.

10. Ұлттық құндылық: Ұрпаққа еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру маңызды. Қазақ тілін, тарихын, рухани-мәдениетіне тәрбиелей отырып, күнделікті өмірде қолдануға баулуға болады. Ұлттық құндылықтарға ертегілер, мақал-мәтелдер, батырлар жыры, әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, тағамдары және ұлттық ойындары жатады. Ұлттық құндылықтарды заманға қарай дамытып отыруға болады.

А. Жапатов,а

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz>

ҚЫЗ – БОЛАШАҚ АНА, ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІ



Қазақ халқы қыз – болашақ ана, шаңырақтың берекесі деп, оның тәрбиесіне баса мән берген. Алайда көпшіліктің қазіргі қыздар тәрбиесіне көңілдері тола бермейді. Әлеуметтік желіде де көп талқыланатын мәселенің бірі – қыз тәрбиесі. Киім киісінен бастап, сөйлеуі, тамақ дайындауы, тіпті атқарып жүрген қызметі де талқыға түсіп жатады. Өйткені қыз тәрбиесіне немқұрайлы қарай алмайтын қасиет қазақтың қанына сіңген.

Шынайы өмірде орын алып жатқан әр жағдай қыздарға тікелей байланысты. Көптеген жеткіншек қыздар жасөспірім шағында өзіне деген сенімділігін жоғалтып алады, сол себепті де олар өздерінің нақты қалауларына жете қоймайды. Қазіргі таңда жас қыз-келіншектерге арналған көптеген түрлі өмірлік пайдалы кеңестер жеткілікті. Ал, оларға көз салып қана қоймай, іске асырып, өмірлік тәжірибеге айналдыру сізге тікелей байланысты.

Иә, әрине сіздің жеке өміріңізде дәл қазір қандай ситуациялық жағдаяттар орын алып жатқандығын білмегендіктен, нақты былай істе немесе жоқ, бұның дұрыс емес деп дөп басып ештеңе айта алмаймыз, әлбетте тым қиын жағдайда сіз үшін ақылшы да, кеңесші де тек өзіңіз ғана. Бір істің басын ашып алу үшін өзгелер «не дейді», «не айтады» деген ойдан өзіңізді аулақ ұстаңыз. Тек ішкі түйсігіңізге құлақ асып, ең дұрыс деген шешімді қабылдауға тырысыңыз. Өткеніңізде кеткен қателіктер болашағыңызға кері әсерін тигізбеуін де қадағалағаныңыз жөн болады. Қабылдап қойған шешіміңіз туралы ешқашан екі қайтара ойлаудың қажеті жоқ. Шешімді қабылдамай тұрып, үш рет өлшеп, бір рет кесіп, келтесін шығарып алыңыз. Ал, өтіп кеткеннен кейін, ол туралы ойлап, жүйке жүйеңізге салмақ түсіріп, ойыңызды жамандықтармен ұлап алмаңыз. Көп шығын шығармай өзіңізге қалай күтім көрсетуге болады?

Бұл сұраққа келетін болсақ, жауабы тым қарапайым. Кез-келген әйел заты өз-өзіне күтім жасау үшін көп уақыт пен көп шығын жаратудың қажеті жоқ. Бәрін тым қарапайымынан бастау керек және күтім деп өз өміріңізді қиындатып жіберу артық дүние. Бар болғаны күніңіздің 10-15 минутын өзіңізге арнасаңыз, аз да болса, жан дүниеңізді еркін сезінесіз. Сыртқы келбетті әсемдеу үшін ешқандайда жасанды косметикалық өнімдер мен табиғи емес бетке және теріге арналған сықпа майларды қолданудың қажеті жоқ. Әрқашан есіңізде ұстаңыз: шынайы сұлулықтың биік шыңы-табиғи сұлулық. Қыз баланың сұлулығында негізінен шаш пен тері басты рөл атқарады. Сондықтан кез-келген қыз баласы өз сұлулығын шынайы түрде сақтау үшін табиғи өнімдерді жаратқаны жөн. Күтімді бәрінен бұрын бет терісінен бастаған

дұрыс. Беттің тазалығы терінің жеңілдеуіне әсер етеді. Шашты күнделікті жиі тарау, шаштың өсу қарқынын жиілетеді. Және де бастағы қан айналымына да көмектеседі. Табиғи шашыңыздың ұзындығына тиіспеуге тырысыңыз, түрлі түстерге бояп, күйдіруден аулақ болыңыз. Ең абзалы артық қыламын деп, тыртық қылып алмаңыз. Қыздарға берілетін тағы да бір кеңес, гардеробпен тығыз байланысты. Әрине, әркімде әртүрлі киімдер болады. Біреу де аз, ал біреуде тым көп. Киім аз болса да, гардеробтың әрдайым жинақы түрде, әрі таза болып тұруы әсте маңызды. Сонымен қатар ешқашан сән қуып, әдемілікті іздеудің қажеті жоқ. Бар болғаны өзіңізге ыңғайлы, жарасымды стильде киінсеңіз болғаны. Ол сіздің сән әлеміңіз болуы шарт. Атақты сән әлемінің патшайымы Коко Шанель былай деген болатын: «Әйел адамның ең сұрықсыз жері, ол оның-тізесі». Оның үстіне қазақта да киелі сөз бар емес пе», есі бар қыздың етегі ұзын болады» деген, етегіңізді қымтап, өзіше жарасымды киім киіп жүрсеңіз. Бұл сіздің әдемілігіңіз болары сөзсіз. Қыздардың табиғаты сол, сұлулыққа, жылтыраққа, романтикаға жаны құмар. Алайда, осы күні қыздарымыз нәзік болмысынан алшақтап, жігіттердің жұмысына да белсене араласып кетіп жатады. Бұл тек іске ғана байланысты емес, түр-әлпетіне де көп мән бермей, киім киюде де ұлдардың стилін қабылдап алады. Бұл қыз баланың табиғатын бұзады дейді мамандар. Ол өзіне тән нәзіктік пен биязылықты басып тастап, еркекшора болып шыққанын байқамай қалады. Сол уақытта қыздар айналасына сол биязылықты шашудан қалады. Ал ерлерді баурататын қыздардың ең бірінші қасиеті – биязылығы.

Сонымен қатар, адам бойындағы биязылықтың да шегі болады екен. Жұмыс, оқу, бітпейтін қарбаласпен жүрген уақытта қыздардың бойында сол биязылық сөйлеп, робот қалпына еніп кетеді. Ал оны бойыңа қайта толтыру үшін мамандар қыздарға әр нәрседен сұлулық көруге кеңес береді. Мысалы, таңертең далаға шыққан бойда ағаштардың әдемі теңселіп тұрғанын байқап, ерекше бір көркемдік көруге тырысу, шайдай ашық көк аспанның сұлулығына тамсану, тіпті аяқ астындағы тегіс асфальттан да әдемілік көруге болады екен. Гүл, моншақ, жылтырақ және т.б. әсемдіктерден ләззат алуды айтпағанда. Бұны біртіндеп әдетке айналдыруды ұсынады. Осылайша қыздың бойында сол биязылық қайта қалпына келіп, табиғи баланс орнайды. Нәзіктікті әсірелеудің тағы бір жолы, мүмкіндігінше әрдайым белдемше киіп жүру екен. Белдемше киген бойда әйел адам өзін ерекше сезініп, тағы сол биязылықтың артуына психологиялық тұрғыда әсер етеді.

Солдай қыздар, әрдайым әдемі болып жүріңдер!

Қыз-келіншектерге арналған бетті дайындаған: Жанаргүл Қожабекова.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қадірлі күйеу балам, Келденбай! Сені бүгін 63 жастың төрінен, абыройдың биігінен көріп отырғанымызға қуаныштымыз. Бұл төрге қалай шыққаның, биікке қалай көтерілгенің біздің көз алдымызда, көңілімізде. Сенің қаншалықты асқақ болған сайын, соншалықты биязы кісілік қасиеттеріңді ел алдында үнемі үлгі етіп айтып жүреміз, ағайын, бауырларың мақтан етіп келеді.

Адамда үш қуаныш болады деген халықтың даналық сөзі бар. Олар – алғыс алу, өзіңді көптің іздеуі және ісіңнің өшпеуі екен. Бүгін біз осының бәрін Сенің өз басыңнан, отбасыңнан, ортаңнан көреміз.

Сенің төңірегіне нұрын төгетін жарық шамдай ашық та көпшіл, бауырмалдық қасиеттеріңді артыңнан ерген бауырларың, балдыздарың, келіндерің үнемі сезініп келеді. Нақ осы мінез байлығы, парасат кеңдігі, қабілет құнары Сені бүгінгі күні туған елдің, өскен ортаның, еңбектес ұжымның, әріптестеріңнің терең де зор құрметіне бөлеп отыр.

Халқымыз айта берер үш биік: даңқ, дәулет, даналық тоғысқан, зейнет жасы алпыс үшке келіп толысқан шағында шалқар тойыңа құтты болсын айтамыз, қуанамыз.

Алла тағала осы абыройыңнан айырмасын, елім, Отаным деп соққан жүрегің қартаймасын. Дариха қызым екеуің көпке жасаған игі істеріңнің, балаларға жұмсаған бейнеттеріңнің жемісін көре беріңдер.

Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттің! Қуанышың ұзағынан болсын! Ағайын - туыстың құрметіне, қосағыңның үлдесі мен бүлдесіне, немере мен шөберелердің шу - күлкісіне, ұл - қыздарыңның жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген әдемі ғұмыр кеше бер!

Еңбек демалысыңның әр күні шалқыған шаттыққа, ұл - қыздардың ортасында балқыған бақытқа толсын! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілеймін!

Әппақ арын ешқашан кірлетпеген, Көркемдігі тең келген суретпенен.

Туған-туыс, дос-жаран, әріптестер, Ардақтайды өзіңді құрметпенен.

Еңбек жолың татиды сан аңызға, Саған қарап күлімдеп қаламыз да.

Отбасыңда бақытты ғұмыр кешіп, Аман-есен жүре бер арамсызда.

Зейнеткерлік жасқа кеп шаттанасың, Әлі талай шыңдардан бақ табасың.

Шын жүректен бәріміз құттықтаймыз, Көш керуенің ешқашан тоқтамасын!

Ақ тілекпен: Қайын шешең Шакарман Қасымқызы.



Баламыз, бауырымыз Келденбай, ардақты келініміз Дариха!

Бүгінгі отбасылық мерейтойларыңыз құтты болсын! Келденбай 63 жасқа келуіңмен шын жүректен құттықтаймыз! Екеуің де зейнет жасына жетсеңдер де, көздеріңнен от кетпесін, жүректеріңнен жылу кетпесін. Шаңырақтарыңа шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, Алланың берген жасын жасап, несібе-дәулеттерің арта берсін деген жүрекжарды ақ тілегімізді қабыл алыңыздар.

Дархан мінезді, ақ көңіл бауырларымызға әрқашан өмірдің өрінен, жақсылықтың төрінен көріне беріңдер дейміз. Жарастығы мен қуанышы мол мамыражай тұрмыста болыңдар дей отыра, келесі өлең жолдарын арнаймыз.

Біз сендерді қос асылға теңедік, Жасаңыздар игілікке кенеліп.

Бір ғасырдан ұзақ ғұмыр бұйырсын, Жандар деген ілтипатқа естелік.

Отбасыңда қуанышты күн бүгін, Өмір өзі төге беретін шаттығын.

Туған күндер келе берсін жыл сайын. Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Үйіп-төгіп осы өмірдің бақытын.

Асыл да ардақты бауырымыз Келденбай Елемесұлы!

Сізді 63 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз бұл жасқа өз мерейтойыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрар жетістіктермен келіп отырсыз.

Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, туған-туыстың және достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз.

Туылған күнің құтты болсын! Өзіңе әлемнің бар жақсылығын, қуанышын, шаттығын тілейміз. Алла қосқан Дариха жарыңмен мәңгі бақытты болып, бала-шағаңның рахатын көре берулеріңе тілектеспіз. Сізді биік белестерден көре берейік. Бақытты бол!

Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз!

Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

Бақытыңыз баянды, ден-саулығыңыз мықты, өмір жасың ұзақ болсын!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тұрғындарды азаматтарға төмендегі мемлекеттік қызметтердің көрсетілгені жайында ақпараттандырады:

1) «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу», өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ және «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

2) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау кенттің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімі, халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жүзеге асырылады;

3) «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, кент, ауылдар, ауылдық округтердің әкімдері, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

4) «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жүзеге асырылады;

5) «Ақталған адамға куәлік беру», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады;

6) «Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

7) «Мүгедектерді техникалық көмекші құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеуі, өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

8) «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерді жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

9) «Мүгедектерді есту кемістігі бар мүгедектерге арналған ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – жылына алпыс сағат», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

10) «Мүгедектерді арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

11) «Мүгедектерді және мүгедек балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

12) «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

13) «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттар ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

14) Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпаратты ұсыну «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

15) «Тұрғын үй көмегін тағайындау», өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы», «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

16) «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат қағаз беру және оны ұзарту» «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы», «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Конституциясы көшесі, 203, телефон: 7-09-47, 2-16-73, сондай-ақ, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сайтында орналастырылған: www.ozsp-tsh.sqo.gov.kz

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Тапсырыс: 84. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.